

## 2015 жылғы қыркүйек айы үшін «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі - ЗА) 5 363,72 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы активтерінің портфелі

**1-кесте.** Қаржы құралдарының түрлері және олардың үлестері бойынша БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы

Портфелдегі қаржы құралының түрі	01.09.2015 жылғы млрд.теңгемен ағымдағы құны	01.09.2015 ж. үлесі	01.10.2015 жылғы млрд.теңгемен ағымдағы құны	01.10.2015 ж. үлесі	ЗА өсімі
ҚР МБҚ	2 164,09	41,59%	2 337,56	43,58%	8,02%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	61,60	1,18%	69,85	1,30%	13,39%
ХҚҰ	83,60	1,61%	84,58	1,58%	1,18%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	1 842,45	35,41%	2 056,07	38,33%	11,59%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	117,39	2,26%	133,89	2,50%	14,06%
PPN (құрылымдық ноттар)	44,75	0,86%	47,84	0,89%	6,90%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық колхаттары	104,57	2,01%	103,04	1,92%	-1,46%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық колхаттары	9,89	0,19%	11,05	0,21%	11,78%
Туынды құралдар	-	0,00%	-	0,00%	-
Депозиттер	519,77	9,99%	388,25	7,24%	-25,30%
РЕПО	32,57	0,63%	-	0,00%	-
Инвестициялық шоттағы ақшалар	209,90	4,03%	118,17	2,20%	-43,70%
Басқа активтер	12,20	0,24%	13,42	0,25%	9,99%
<b>ЗА барлығы</b>	<b>5 202,78</b>	<b>100,00%</b>	<b>5 363,72</b>	<b>100,00%</b>	<b>3,10%</b>

БЖЗҚ ЗА табысы 2015 жылғы 01 қаңтардан бастап 2015 жылғы 30 қыркүйектегі кезең үшін 9,08 % құрады.

**2-кесте.** БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелін үлестік бөлу

Қаржы құралының түрі	01.10.2015 жылға үлесі, %
Борыштық қаржы құралдары	95,42%
Үлестік қаржы құралдары	2,13%
Ақшалар	2,45%
<b>Жиынтығы:</b>	<b>100,00%</b>

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (YTM) 01.10.2015 жылғы жағдай бойынша жылына 7,12% құрады.

### Соңғы ай үшін БЖЗҚ ЗА портфелі бойынша өзгерістер

**3-кесте.** 2015 жылғы қыркүйек айы үшін зейнетақы активтерін инвестициялау

Қаржы құралдарының түрі	Валюта	Көлемі, млрд. теңге	Сатып алынғандардың орташа алынған кірістілігі жылына %
ҚР МБҚ	KZT	149,09	8,00
ҚР МБҚ	USD	30,99	6,12
ҚР облигациялары	KZT	155,00	9,75

ҚР облигациялары	USD	2,85	5,30
<b>Жиынтығы:</b>		<b>337,93</b>	<b>8,61</b>

### **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары**

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың көлемі есепті айда 173,47 млрд. теңгеге артты және 2 337,56 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 43,58% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 6,12% құрайтын 30,99 млрд.теңге көлемінде АҚШ долларына номиналданған ұзақмерзімді ҚР МБҚ және орташа алынған кірістілігі жылына 8,00% құрайтын 149,09 млрд.теңге көлемінде теңгеге номиналданған қысқамерзімді ҚР МБҚ сатып алынған болатын. Сондай-ақ 5,31 млрд. теңге мөлшерінде ҚР МБҚ өтелді. Есепті кезеңде ҚР МБҚ сатулары болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 5,56%-дан бастап жылына 5,72%-ға дейін артты.

### **Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті айда шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 69,85 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,30% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатып алулары, сатулары және өтеулері болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 3,03%-дан бастап жылына 3,01%-ға дейін кеміді.

### **Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының көлемі 0,98 млрд. теңгеге артты және 84,58 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,58 % құрады.

Есепті кезеңде 205,86 млн. теңге көлемінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары өтелді. Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын сатып алулар мен сатулар болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,29 % құрады.

### **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер**

Есепті айда ЕДБ салымдардың көлемі 131,52 млрд. теңгеге азайды және 388,25 млрд. теңгені құрады. Портфелдегі олардың үлесі 9,99% -дан бастап 7,24%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде 123,50 млрд.теңге сомасына ҚР ЕДБ салымдары өтелген болатын. Есепті кезеңде ҚР ЕДБ салымдары орналастырылған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,71% құрады.

### **ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының көлемі 213,62 млрд. теңгеге ұлғайды және 2 056,07 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 35,41% -дан 38,33%-ға дейін ұлғайды.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 9,67% құрайтын 157,85 млрд. теңге сомасына ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынған болатын. Бұл ретте есепті кезеңде 7,19 млрд. теңге сомасына ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары өтелген болатын.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,52 % құрады.

### **Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының көлемі 16,50 млрд. теңгеге артты және 133,89 млрд. теңгені құрады. Олардың үлесі 2,50% құрады.

Есепті кезеңде 318,00 млн. теңге мөлшерінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары өтелді. Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын сатып алу және сату болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,47% құрады.

### **Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) көлемі 47,84 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 0,89% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатып алулар, сатулар және өтеу болған жоқ.

### **ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 1,53 млрд. теңгеге кеміді және 103,04 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,92 % құрады.

Есепті кезеңде ҚР эмитенттерінің акцияларын сату және сатып алулар болған жоқ.

### **Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 1,16 млрд. теңгеге артты және 11,05 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 0,21% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алулар және сатулар болған жоқ.

### **Валюталар бойынша БЖЗҚ ЗА портфелін құрылымдық үлестіру**

**4-кесте.** Валюталар бөлігінде БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы

Валюта	01.09.15 ж. ағымдағы күн, млрд. теңге	01.09.15 ж. үлесі	01.10.15 ж. ағымдағы күн, млрд. теңге	01.10.15ж. үлесі	Соңғы айда өсуі/төмендеуі %
Ұлттық валюта	4 511,14	86,71%	4 579,31	85,38%	1,50%
АҚШ доллары	659,98	12,68%	749,04	13,96%	13,65%
Ресей рублі	22,43	0,43%	26,09	0,48%	16,31%
Малазия ринггиттері	3,39	0,07%	3,71	0,07%	9,22%
Еуро	1,21	0,02%	1,49	0,03%	23,55%
Ағылшын фунт стерлингі	1,62	0,03%	1,57	0,03%	-3,30%
Бразилия реалдары	2,71	0,05%	2,51	0,05%	-7,18%
Мексика песосы	0,30	0,01%	0	0,00%	-100,00%
<b>Жиыны</b>	<b>5 202,78</b>	<b>100,00%</b>	<b>5 363,72</b>	<b>100,00%</b>	<b>3,10%</b>

## Инвестициялық қызметтің нәтижелері

2015 жылғы қыркүйек айы үшін БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша есептелген инвестициялық табыс 116,85 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық табыс/шығын құрылымы:

- ✓ Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар бойынша инвестициялық табыс 2,88 млрд. теңгені құрады.
- ✓ Бағалы қағаздар бойынша инвестициялық табыс 108,33 млрд. теңгені құрады.
- ✓ Валюталық шоттардан инвестициялық табыс 5,64 млрд. теңгені құрады.

2015 жылғы қыркүйек үшін БЖЗҚ шартты зейнетақы бірлігінің өсу қарқыны 2,19% құрады.

## Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімді басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үйлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі ұйғарынды деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды.

**5-кесте.** 01.10.2015 жылғы жағдай бойынша инвестиция нысандарының тізбесі және лимиттері

№ р/с	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Талаптардың орындалуы (иә/жоқ)
<b>Ақшалай қаражат</b>		<b>2,20%</b>	<b>иә</b>
<b>Борыштық құралдар</b>		<b>87,79%</b>	<b>иә</b>
1	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмитенттелген бағалы қағаздарды қоса алғанда), сонымен қатар «Кері РЕПО» операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды қоса алғанда қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар.	43,60%	иә
2	шетелдік мемлекеттердің орталық үкіметтерімен шығарылған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, оның ішінде:	1,30%	иә
	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингісі;	0,56%	иә
	2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «B» дейінгі тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингісі;	0,74%	иә
3	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған облигациялар	0%	иә
4	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, оның ішінде:	11,50%	иә
	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар немесе «Standard&Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;	0,00%	иә
	2) жалған мемлекеттік сектордың субъектілерімен шығарылған борыштық бағалы қағаздар;	9,30%	иә
	3) Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген кепілдемесі немесе мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының	0,50%	иә

	инфрақұрылымдық облигациялары;		
	4) Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар.	1,71%	иә
5	Келесі халықаралық қаржы ұйымдарымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар: – Халықаралық Қайта құру және Даму банкі; – Еуропалық Қайта құру және Даму банкі; – Америкааралық даму банкі; – Халықаралық есеп банкі; – Азиялық Даму банкі; – Африкалық даму банкі; – Халықаралық қаржы корпорациясы; – Ислам Даму банкі; – Еуропалық инвестициялық банкі; – Еуразия Даму банкі	1,58%	иә
	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, оның ішінде:	2,50%	иә
6	1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,12%	иә
	2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «B» дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	2,37%	иә
7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдарымен шығарылған Principalprotectednotes.	0,59%	иә
<b>Үлестік құралдар</b>		<b>2,13%</b>	<b>иә</b>
	Қазақстан Республикасы ұйымдарымен және шетелдік ұйымдармен шығарылған үлесті бағалы қағаздар, оның ішінде:	2,13%	иә
8	1) Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған жай және артықшылықты акциялар, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акцияларға депозитарлық қолхаттар;	1,93%	иә
	2) шетелдік ұйымдар шығарған жай және артықшылықты акциялар, шетелдік ұйымдар шығарған акцияларға депозитарлық қолхаттар;	0,20%	иә
<b>Екінші деңгейдегі қаржы құралдары, салымдарды қоса алғанда</b>		<b>34,74%</b>	<b>иә</b>
<b>Басқа құралдар</b>		<b>0,00%</b>	<b>иә</b>
10	Лондондық бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері	0,00%	иә
	Туынды қаржы құралдары, қоса алғанда, алайда мұнымен шектелмейтін базалық активтері болып зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары, шетел валютасы, мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер) табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар:	0,00%	иә
11	1) Егер туынды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеу үшін пайдаланылатын болса;	0,00%	иә
	2) Есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер): 1. MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index); 2. DAX (Deutscher Aktien index); 3. CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index); 4. NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index); 5. TOPIX (Tokyo Price Index);	0,00%	иә

	6. HSI (Hang Seng Index); 7. ENXT 100 (Euronext 100); 8. RTSI (Russian Trade System Index); 9. DJIA (Dow Jones Industrial Average); 10. S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index); 11. FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index); 12. KASE (Kazakhstan Stock Exchange); 13. MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index).		
	<b>Валюталық нетто-позиция</b>	<b>14,63%</b>	<b>иә</b>
12	АҚШ доллары, Еуро, Ағылшын фунт стрелингілеріндегі ашық валюталық позиция	14,03%	иә
13	Басқа валюталар бойынша ашық валюталық позиция	0,60%	иә